

**6D050300 – «Психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Борбасова Гульнур Нурсаиновнаның «Эмоциялық күйлер мен индивидуалды айырмашылықтардың экзекутивті бақылауға әсерін психофизиологиялық зерттеу» тақырыбындағы диссертациясына**

**РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША СЫН-ШІКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертация тақырыбы ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға толық сәйкес келеді. Мемлекет басшысы өз сөзінде: «Ғылымды дамыту – қоғамның ең маңызды басымдығы. Еліміздегі білім беру саласындағы өзгерістер жаңа идеяларды алып келетініне сөзсіз сенеміз», - деп инновациялық әрекетке дайын болудың маңызын атап көрсетті. Осыған байланысты кәсіби іс-әрекеттің белгілі бір саласында болашақ мамандарды кәсіби даярлау сапасы, ең алдымен, маманның өзі үшін өте өзекті болады және оның еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілік дәрежесімен анықталады.</p> <p>Қазақстан Республикасында психолог мәртебесі ерекше болып табылады, бұл оның кәсіби қызметін жүзеге асыруы үшін барлық жағдайды қамтамасыз етеді. Білім беру саласында кәсіби қызметін жүзеге асырған және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті ұйыммен еңбек қатынастарында болған кезеңде адам педагог мәртебесіне ие болады. Зерттеудің өзектілігі, болжамы, теориялық және практикалық мәні толыққанды көрсетілген.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаған</u> .	<p>Диссертация бойынша алынған ғылыми нәтижелер, жалпы жұмыс мазмұны психология ғылымының теориялық, эксперименттік және тәжірибелік салаларына айтарлықтай үлес қосады, оның маңыздылығы жеткілікті ашылған. Гульнур Нурсаиновна Борбасованың зерттеу жұмысында әдіснамалық-теориялық негіздерін талдау; тақырыптағы негізгі категория – зейін жүйелерінің нейрожелілерін нақтылау; эмпирикалық зерттеу методологиясын жасап, жүзеге асыру арқылы эмоциялық күйлер мен индивидуалды айырмашылықтың ми белсенділігі негізінде экзекутивті бақылауға өзара әсері зерттеу мақсатына сәйкес</p>

			орындалған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертация тақырыбының нақты өрісіндегі теориялық, эмпирикалық ғылыми нәтижелерді: 1) 2017 жылдан бастап халықаралық деңгейдегі конференция материалдарының жинақтарына; ҚР ҒжЖБМ ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынатын басылымдарда; Scopus (Скопус) деректер базасына кіретін журналдарда жарияланған 11 ғылыми, әдістемелік еңбектерінің жарияланып, оларда диссертация мазмұнын, басты идеяларын ашып көрсетуі; 2) диссертация мазмұнында, идеясында авторы мен дереккөзін көрсетпей бөтен материалдарды пайдаланудың анықталмауы Гультур Нурсаиновна Борбасованың диссертацияны өзі жазу деңгейінің жоғары екенін дәлелдейді.

4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) негізделген;</li> <li>2) жартылай негізделген;</li> <li>3) негізделмеген.</li> </ol>	<p>Диссертация өзектілігінің дәлелі <b>негізделген</b>. Диссертацияда эмоциялық күйлер мен индивидуалды айырмашылықтардың экзекүтивті бақылауға әсері психометрикалық әдістемелер мен қоса зейін жүйесі тапсырмасын орындау барысындағы электроэнцефалографиялық зерттеулер негізінде қарастырылған. Жұмыста экзекүтивті бақылау, индивидуалды айырмашылықтар мен эмоциялық күйлер саласында да негізгі ғылыми болжамдар мен теориялар талданған. Диссертациялық зерттеуде когнитивті бақылауға қатысты П.К. Анохиннің функционалдық жүйелер теориясы, А.Л. Лурияның жоғары психикалық функцияларын реттеудің үш деңгейлі теориясы, М. Познердің үш жүйелі экзекүтивті бақылау моделі (Қырағылық – Alerting. Бағдарлау – Orienting. Экзекүтивті бақылау – Executive Control) теориялары психофизиологиялық зерттеудің осы заманда көкейтесті мәселе болатыны негізделген. Зерттеу тақырыбы мен мақсатына байланысты жүргізілген экзекүтивті бақылауды кешенді зерттеу эмоциялық күй мен индивидуалды айырмашылықтардың когнитивті функцияларды бақылауға әсерін зерттеуде әдіснамалық, теориялық және практикалық құндылыққа ие және зерттеу мәселесі ретінде негізделген және оларды шешу қажеттілігі тақырыптың өзектілігін анықтайды.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) айқындайды;</li> <li>2) жартылай айқындайды;</li> <li>3) айқындамайды</li> </ol>	<p>Диссертацияның мазмұны аталмыш зерттеу тақырыбын <i>толық айқындайды</i>. Жұмыста зерттеу үдерісінің барлық негізгі компоненттері келтірілген. Диссертация кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған ғылыми әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады. Осыған орай диссертация тақырыбына сәйкес зерттеу жүргізу мүмкіндігі жоғары болған.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сәйкес келеді;</li> <li>2) жартылай сәйкес келеді;</li> <li>3) сәйкес келмейді</li> </ol>	<p>Зерттеу жұмысының қойылған мақсаты мен міндеттері <i>диссертация тақырыбына сәйкес келеді</i>, бұл зерттеу барысында алынған нәтижелердің негізділігі мен сенімділігін растайды. Мақсатқа жету үшін Гүльнур Нурсаиновна Борбасованың әдіснамалық және эксперименттік бағыттарды өзара ажыратып, соның негізінде реттелген, бірізді жеті міндет қойған. Диссертациялық зерттеудегі автор қойған зерттеу мақсаты мен міндеттері өзара байланысты және олар</p>

		жұмыс тақырыбына келісіммен сәйкес келеді.
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>толық байланысқан;</u></li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ</li> </ol>	<p>Диссертация тақырыбы, әдіснамалық аппараттары, бөлімдер мен тармақтардың арасындағы байланыс пен сәйкестіктерден жұмыс мазмұнының қатаң реттелгендігі көрінеді. Өзара байланысқан, ішкі бірлікке ие, дәйекті зерттеу көздерін қолдану, өзі қол жеткізген ғылыми нәтижелерін толымды талдау диссертацияның мазмұнындағы қисындылықты қамтамасыз етеді. Сондықтан Гультур Нурсаиновна Борбасованың диссертациялық зерттеуі ғылыми жұмыстың талаптарына сәйкес, біртұтас жүйені құрайды. Олай болса, диссертациялық зерттеудің барлық бөлімдері, тармақтары жалпы құрылымы толымды логикалық байланысқан.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>сыни талдау бар;</u></li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</li> </ol>	<p>Диссертант эмоциялық күйлер мен индивидуалды айырмашылықтардың экзекутивті бақылауға әсері туралы сипаттамалармен өзара негізделуін дәлелдеуге байланысты эмпирикалық зерттеу арқылы қағидаттар тұжырымдаған және әдістер қолданған. Осыған байланысты диссертацияда:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- индивидуалды айырмашылықтар, эмоциялық күйлер, экзекутивті бақылау мәселелері жайлы шетелдік, ресейлік және қазақстандық зерттеулерге сыни талдау арқылы зерттеуде жүйелі әдіснамалық міндеттер шешілген;</li> <li>- психофизиологиялық эксперименттік зерттеу нәтижелері арқылы қазіргі психология ғылымындағы қолданылған теориялық және эксперименттік материалдарға сыни талдау арқылы «экзекутивті бақылау» түсінігі нақтыланған;</li> <li>- теориялық және эксперименттік материалдарды сыни көзқараспен талдау арқылы эмоциялық күйлер мен индивидуалды сипаттамалардың бір-бірімен өзара байланысты мен өзара тәуелділігі анықталған;</li> <li>- эмоциялық күй мен индивидуалды айырмашылықтардың зейін жүйесі тесті тапсырмасын орындау барысындағы мінез-құлық көрсеткіштеріне өзара байланысы дәлелденген. Сондықтан Гультур Нурсаиновна Борбасованың диссертациялық зерттеуіндегі жаңалықтар, қағидаттар, әдістер негізделіп, сыни талдау арқылы бұрыннан белгілі шешімдермен</li> </ul>

			салыстырылып мазмұндалған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері толығымен жаңа. Диссертанттың зерттеу ұстанымындағы жаңашылдық оның E-Prime-да бағдарламаланған Зейін жүйесі тесті (ЗЖТ) тапсырмасының бейімделген және өзгертілген нұсқасы қолданғаннан көре аламыз. - ЗЖТ когнитивті тапсырмасын орындау мінез – құлық көрсеткіштерін (реакция уақытын) өлшеуге мүмкіндік берді: а) экзекүтивті бақылау; б) бағдарлау; в) қырағылық жүйесі. - Компьютерлік когнитивтік тапсырмаларды орындау кезінде электроэнцефалография жазбалары жүріп отырады. ЭЭГ-нің синхронды жазуымен компьютерлік тапсырманы орындайды. Осыған байланысты психология ғылымында автордың эксперименттік зерттеу арқылы алған ғылыми нәтижелері мен қағидаттардың толымды, толығымен жаңашылдығын көруге болады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Осы кезге дейін отандық психология ғылымында 1. эмоциялық күй мен индивидуалды айырмашылықтардың экзекүтивті бақылауға әсері; 2. Зейін жүйесі тесті тапсырмасын орындау кезіндегі эмоциялық күй мен индивидуалды сипаттамалар арасындағы байланыс; 3. эмоциялық күй мен индивидуалды айырмашылықтардың қырағылық, бағдарлау және экзекүтивті бақылау нейрожелілерінің мінез-құлық көрсеткіштеріне әсері; 4. эмоциялық күй мен индивидуалды айырмашылықтың, ми белсенділігінің параметрлерімен өзара байланысы анықталған. Психофизиологиялық сипаттамалармен өзара негізделуін болжамдап, оны эксперименттік жолмен тексеріп, дәлелдеу бойынша ғылыми-таным, білім салаларында зерттеушілік қорытынды жасалған. Осыған байланысты Гүльнур Нурсаиновна Борбасованың диссертациялық зерттеуіндегі жасалған қорытындылар толығымен жаңа болып табылады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	«Эмоциялық күйлер мен индивидуалды айырмашылықтардың экзекүтивті бақылауға әсері» атты диссертациялық жұмыста қойылған мақсат-міндеттер тікелей және астарлы сипатта жаңаша шешіммен

		<p>1) <u>толығымен жаңа</u>;  2) <u>жартылай жаңа</u> (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>байланыстырып, зерттеу алға қойылған. Сондықтан диссертант жұмыстың тақырып өрісінде теориялық зерделеу, психологиялық тұрғыларды талдау, эксперименттік зерттеуді жүргізіп, түсіндіру бойынша толығымен жаңа техникалық, технологиялық, экономикалық және басқару шешімдерін ықпалдастырып алған және диссертация мазмұнында ол толық негізделген.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Диссертация мазмұнындағы әрбір бөлім, әрбір тармақтар бойынша және жалпы қорытындылар зерттеу пәні мен нысаны, мақсат-міндеттеріне, қойылған жалпы және дербес болжамдарға, зерттеу әдістері мен әдістемелеріне қатысты тұжырымдалған. Әрі диссертация мазмұны теориялық және эксперименттік зерттеу бойынша келтірілген. Мұнда теориялық зерттеуде ауқымды ғылыми қор талданады. Зерттеудің мақсатымен танысқаннан кейін және зерттеуге қатысу келісіміне қол қойғаннан кейін қатысушылар екі бөлімнен тұратын зерттеуді орындағанын және нәтижелерін толықтай сипаттаған. Олай болса, диссертант тұжырымдаған барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелер арқылы негізделген.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?  1) <u>дәлелденді</u>;  2) шамамен дәлелденді;  3) шамамен дәлелденбеді;  4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?  1) <u>ия</u>;  2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?  1) <u>ия</u>;  2) <u>жоқ</u></p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:  1) <u>тар</u>;  2) орташа;  3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?  1) <u>ия</u>;  2) <u>жоқ</u></p>	<p>7.1 Гульнур Нурсаиновна Борбасова қорғауға бірқатар негіз қалаушы қағидаттарды тұжырымдап ұсынған. Жұмыстың тақырыбына байланысты диссертация мазмұнындағы бөлімдер мен тармақтарда арнайы қарастырылып, талданады. Ауқымды ғылыми ақпарат, эксперименттік мәліметтер арқылы әр қағидат негізделіп, тұжырымдалған. Осылайша қорғауға ұсынылатын қағидаттар дәйекті түрде дәлелденген.</p> <p>7.2 Қорғауға ұсынылған әр қағидатқа өзіндік түпнұсқалық, бірегей жаңашылдық тән. Сондықтан қорғауға ұсынылатын қағидаттар тривиалды бола алмайды.</p> <p>7.3. Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар жаңа.</p> <p>7.4. Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5 Диссертация тақырыбына қатысты Гульнур Нурсаиновна Борбасованың 11 еңбегі жарияланған. Бұл мақалаларда диссертациялық зерттеу нәтижелері жинақталып, қағидаттар дәлелденген.</p>

8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Әдістеменің таңдауы негізделген және әдіснама нақты жазылған. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі сақталған. Әдістемені таңдау негізделген, әдістеме жеткілікті егжей-тегжейлі сипатталған. Зерттеу жұмысының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес зерттеудің теориялық және эксперименттік әдістері, сондай-ақ эксперименттік мәліметтерді статистикалық өңдеу әдістері оңтайлы үйлесімін тапқан.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Диссертация жұмысында компьютерлік технологияларды қолдану арқылы алынған: 1) ғылыми-теориялық нәтижелер кестелер, ажыратып көрсету бойынша түрлендіріліп, бейнеленген; 2) психологиялық диагностика, психологиялық және эмоциялық күйін анықтау үшін сауалнамалар арнайы бланкіге толтырған: – «Үлкен бестік» сауалнамасы (Big Five, NEO-FFI personality questionnaire John & Srivastava, 1999); - Д. Уотсон, Л. Кларк және А. Телеген (1988) жасаған позитивті және негативті аффект шкаласы (Positive and Negative Effect Schedul; - Спилбергер-Ханиннің мазасыздық деңгейіне арналған тесті (STAI, State-Trait Anxiety Inventory, Hanin & Spielberger, 1983); - Данди стресс сауалнамасы (көңіл-күйді өлшеу), (DSSQ, The Dundee Stress State Questionnaire, Matthews et al., 2002). Алынған деректер көрнекі бейнелермен және дескриптивтік статистикаларды бағалау, t-Студент критерийі, корреляциялық талдау, бір факторлы дисперсиялық талдау (ANOVA), әдісі арқылы статистикалық пакет SPSS 23.0. қолданылып, сандық және сапалық түсіндірілген. Ал ЭЭГ жазбалары MATLAB негізіндегі EEGlab/ ERPlab software көмегімен есептелді.
		8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау тәсілдерін пайдаланған. Зерделеу барысында бақылау, тесттер және сауалнамалар, электроэнцефалография (ЭЭГ) жазбалары қолданылып, пайдаланылған.

		негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u>	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге <u>сілтемелермен расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған	Диссертант өз зерттеуі бойынша қорытқан маңызды тұжырымдары, ғылыми нәтижелері, маңызды қағидаттық мәлімдемелері отандық және шетелдік, классикалық және заманауи ғылыми-психологиялық әдебиеттерге жасаған сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткіліксіз</u>	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 224 дереккөзді құрайды. Бұл зерттеу тақырыбына сәйкес тың, жаңа ғылыми нәтижелер алуға және ғылыми қағидаттарды тұжырымдап, негіздеуге жеткілікті.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u>	Диссертациялық жұмыста алынған ғылыми нәтижелер, тұжырымдалған қағидаттар мен қорытындылар 1) зерттеу жүргізу барысында экзекүтивті бақылау мәселесі бойынша заманауи теориялық түсініктерді кеңейтуге мүмкіндік берді; 2) эмоциялық күйлер мен индивидуалды айырмашылықтар теорияларының және когнитивтік бақылау функцияларының өзара байланысын анықтау; 3) эмоциялық күйлер мен индивидуалды сипаттамалар теорияларының когнитивтік бақылаумен интеграциясы мен өзара байланысы бойынша зерттеулерге қатысты алғышарт ретінде ғылыми қорды байытады. Бұл диссертацияның теориялық маңыздылығын айқындайды.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u>	Диссертациялық жұмыс эмоциялық күйлер мен индивидуалды айырмашылықтардың экзекүтивті бақылауға әсер ету моделін психофизиологиялық зерттеудің әдістемелік кешенін әзірлеу, оны Қазақстандық популяцияда валидизациялау болып табылады. Эксперименттік зерттеу материалдарының ғылыми нәтижелері 1) «Ми және психика», «Когнитивтік психология», «Когнитивті нейроғылым», «Еңбек психологиясы», «Инженерлік психология және эргономика» сияқты курстарды оқу барысында; 2) жоғары жауапкершілікті талап ететін демалыс және еңбек режимін, еңбек процесін оңтайландыру кезінде, мамандар мен операторларды жұмысқа іріктеу кезінде практикалық материалдар ретінде қолданылады. Сондықтан диссертацияның практикалық маңыздылығы айқын және алынған ғылыми нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары.



		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстың практикалық ұсыныстары толығымен жаңа болып табылады.
10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Жұмыс диссертацияға қойылатын талаптарға сәйкес орындалған. Диссертациялық жұмысты жазу және рәсімдеу сапасы жоғары.

Сонымен, Гульнур Нурсаиновна Борбасованың жұмысы талапқа сәйкес орындалған, толымды диссертациялық зерттеу ретінде оң бағаланады.

1. Диссертацияның бірінші бөлімінде эмоцияның психофизиологиялық зерттеу мәселелері бойынша шетелдік, кеңестік және қазақстандық зерттеулерге жүйелеу жүргізілген, сонымен қатар өзіміздің отандық психологтардың басқа да зерттеулерімен толығымен түссе диссертацияның құндылығы арта түсетін еді;

2. Психологиялық әдебиеттерге кеңінен шолу жасағанына және орындалған жұмыс қызықты факттермен мазмұндалғанына, алайда алғаш рет қазақ тілінде өткізілген зейін жүйесі тесті (ЗЖТ) тапсырмасына тереңірек тоқталса дұрыс болар еді.

Алайда бұл ұсыныстар диссертациялық зерттеудің теориялық және практикалық маңызының, ғылыми жаңалықтарының, ғылыми тұжырымдардың мәнділігін кемітпейді.


Сондықтан 6D050300 – «Психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Эмоциялық күйлер мен индивидуалды айырмашылықтардың экзекүтивті бақылауға әсерін психофизиологиялық зерттеу» тақырыбындағы диссертация толымды зерттелген, аяқталған ғылыми жұмыс болғандықтан, оның авторы – Гульнур Нурсаиновна Борбасованың философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты деп есептеймін.

**Ресми рецензент:**

**І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің оқытушы - дәріскері, «6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)**



Альмухамбетова



Қолы

РАСТАЙМЫН